

"2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 823 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 наурыздағы № 99 қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 823 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 32-қосымшада:

реттік нөмір 17-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

17	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымдарындағы білім беру және тәрбиелеу бойынша көрсетілетін қызметтер	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Program енгізе отырып, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 1-6 сынып оқушыларына арналған білім беру қызметтері; "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Program және Халықаралық бакалавриат оқу бағдарламасын енгізе отырып, оқушылардың Назарбаев Зияткерлік мектептерінің жатақханаларында тұруын ескере отырып, 7-12 сыныптары оқушыларына республикалық комиссия тағайындаған Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының "Өркен" білім беру грантын іске асыру бойынша көрсетілетін қызметтер	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ	099 "Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету" 101 "Назарбаев Зияткерлік мектептерінде мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру"	29 572 704
----	--	--	--	---------------------------------------	--	------------------

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 11-1, 13-1, 17-1, 18-1, 18-2, 19-1, 26-1, 27-1, 27-2, 27-3, 27-4, 35-1, 35-2, 35-3, 35-4, 35-5, 35-6-жолдармен толықтырылсын:

"

		Білім және ғылым саласында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарын жария ету бойынша кешенді ақпараттық саясатты жүргізу, оның аясында мынадай				
--	--	---	--	--	--	--

11 -1	<p>Қ а з а қ с тан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын талдау және ақпараттық-медиялық сүйемелдеу</p>	<p>іс-шаралар жүргізіледі: - қоғамдық пікірді қалыптастыру, ақпаратты бұрмаламай халықпен тікелей байланыс орнату үшін телевизиялық ток-шоулар түсіру және тарату, халыққа ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізу; - мультимедиялық имидждік арнайы жобаларды әзірледі, интернет БАҚ-та жариялау үшін блогерлермен жұмыс жасауды, әлеуметтік желілерде ілгерілету стратегиясын әзірледі және іске асыруды, теріс пікірлерді жою және тұрақты мониторингті жүргізуді, қоғамның қабылдауын талдауды қоса алғанда, интернет кеңістігінде жұмыс істеу</p>	<p>Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі</p>	<p>"Ақпараттық-талдау орталығы" АҚ</p>	<p>001 "Білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" 103 "Әлеуметтік, талдамалық зерттеулер жүргізу және консалтингтік қызметтер көрсету"</p>	<p>457 044</p>
13 -1	<p>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына шаққандағы қаржыландыруды әдіснамалық қамтамасыз ету және мониторингтеу бойынша көрсетілетін қызметтер</p>	<p>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды әдіснамалық қамтамасыз ету және мониторингтеу бойынша көрсетілетін қызметтерді орындау аясында: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірледі және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуін келісуге ықпал етуді; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының және жергілікті атқарушы органдарының әкімшілігі үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру мәселелері бойынша консультациялар ұйымдастыруды және өткізуді; жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру барысында туындайтын проблемаларды</p>	<p>Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі</p>	<p>"Қаржы орталығы" АҚ</p>	<p>098 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті қамтамасыз ету" 102 "Мектепке дейінгі білім беру саласындағы әдіснамалық қамтамасыз ету"</p>	

		талдау және тиісті ұсыныстар енгізуді жүзеге асырады				39 624
17 -1	Х а л ы қ аралық талаптарды ескере отырып, білім беру статистикасын жинақтауды сүйемелдеу	Білім беру статистикасы мектепке дейінгі, жалпы орта және техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру жүйесін мониторингтеу және болжау, оның ішінде білім беру объектілерінің қажеттілігін анықтау, кадрлық және материалдық-техникалық қамтылуын, қаржыландыру көлемін, мемлекеттік тапсырысты есептеу, стратегиялық құжаттарды, оның ішінде білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және т.б. іске асырылуын талдау және мониторингтеу үшін қажет	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	"Ақпараттық-талдау орталығы" АҚ	099 "Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамыз ету" 102 "Орта білім беру саласындағы әдіснамалық қамтамасыз ету"	89 271
18 -1	Республикалық, халықаралық мектеп олимпиадаларын, конкурстарды және өзге де республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу және оларға балалардың қатысуы	Республикалық және халықаралық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, дарынды оқушыларды анықтау; оқушыларды халықаралық олимпиадаларға, конкурстарға іріктеу және дайындау, республикалық семинарлар, конкурстар, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстары балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, теориялық білімі мен практикалық шеберлігін тереңдету, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ету, дарынды балаларды анықтау, халықаралық олимпиадаларға қатысатын оқушыларды іріктеу және дайындау. Қазақстан Республикасында білім берудің беделін арттыру мақсатында өткізіледі. Сондай-ақ олимпиадалар мен конкурстар оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	"Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы" РМҚК	099 "Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету" 103 "Республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстар, мектептен тыс республикалық маңызы бар іс-шаралар өткізу"	

		ынталандырып, Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал етеді.			266 788	
18 -2	Қ а з а қ с танның, алыс және жақын шетелдің мамандандырылған мектептері арасында математика, физика және информатика пәндері бойынша Халықаралық Жәутіков олимпиадасын өткізу бойынша көрсетілетін қызметтер.	Заманауи экономика терең білімі бар және жанашылдыққа қабілетті мамандарды қажет етеді, сондықтан үздік тарихи тәжірибеге және ең табысты заманауи үлгілерге негізделген жас дарындарды анықтау және дамыту бойынша жұмыс Қазақстан экономикасын жаңғыртудың қажетті элементі болып табылады. Қазақстан Республикасында дарынды балалармен және жастармен жұмыс жасаудың бай тәжірибесі жинақталған. Қазақстанның мамандандырылған білім беру ұйымдарын құруда басымдығы бар, сол ұйымдардың түлектері бүгінде еліміздің зияткерлік элитасына кіреді.	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	"Республикалық физика-математика мектебі" КеАҚ	099 "Сапалы білім алуға қол жеткізуді қамтама сыз ету" 103 "Республикалық олимпиадаларын, конкурстар, мектептен тыс республикалық маңызы бар іс-шаралар өткізу"	27 749
19 -1	Орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды енгізуді сүйемелдеу және мониторингтеу бойынша көрсетілетін қызметтер	Орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды енгізуді сүйемелдеу және мониторингтеу жөніндегі қызметтерді орындау аясында: Қазақстан Республикасының жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобаларын әзірлеуді; пилоттық мектептердің қызметкерлері мен мүдделі жергілікті атқарушы органдардың өкілдері үшін жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға көшу мәселелері бойынша консультациялар ұйымдастыруды және өткізуді; жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру барысы мен нәтижелері туралы деректер жинауды, мониторингтеуді және талдауды; "Қаржы орталығы" АҚ-ның білім беру	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	"Қаржы орталығы" АҚ	099 "Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтама сыз ету" 106 "Оператордың жан басына шаққандағы қаржыландыру жөніндегі көрсететін қызметтеріне ақы төлеу"	

		<p>ұйымдарында жан басына қаржыландырудың енгізілуін сүйемелдеу және мониторингтеу бойынша қызметін басқарудың ақпараттық (автоматтандырылған) жүйесінің жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асырады.</p>				34 843
26 -1	<p>Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды енгізуді әдіснамалық қамтамасыз ету және мониторингтеу бойынша көрсетілетін қызметтер</p>	<p>Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды енгізуді әдіснамалық қамтамасыз ету және мониторингтеу бойынша қызметтерді орындау аясында: – техникалық және кәсіптік білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының жаңа нормативтік құқықтық актілерін әзірлеуді және оларды келісуге жәрдемдесуді, сондай-ақ қолданыстағыларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді; - техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыру мәселелері бойынша деректер жинауды және мониторинг жүргізуді; - жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшу мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдарға және колледждердің қызметкерлеріне консультациялық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асырады.</p>	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	"Қаржы орталығы" АҚ	203 "Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлар мен қамтамасыз ету" 101 "Техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы әдіснамалық қамтамасыз ету"	42 103
27 -1	<p>Мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде жоғары білім беруді қаржыландырудың жаңа нысандарын әзірлеу бойынша</p>	<p>Жоғары оқу орындарында жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды</p>	Қазақстан Республикасының Білім	"Қаржы орталығы" АҚ	204 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар мен қамтамасыз ету" 103 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі	35 286

	көрсетілетін тер	қызмет	енгізуді әдіснамалық қамтамасыз ету және мониторингтеу	және ғылым министрлігі		білім саласындағы әдіснамалық қамтамасыз ету"	
27-2	"ЖОО-ның 2018 жылғы рейтингі" зерттеуін жүргізу		Елдің жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім берудегі негізгі басымдықтардың бірі болып университеттер мен бизнес-құрылымдарының интеграциясы белгіленген. Осы басымдықты орындау мақсатында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының Іс-шаралар жоспарында "ЖОО-ның рейтингі" зерттеуін жүргізу бекітілген.	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	ҚР "Атамекен" ҰҚП	204 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар мен қамтамасыз ету" 103 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы әдіснамалық қамтамасыз ету"	47 897
27-3	Білім беру бағдарламаларын бағалау бойынша көрсетілетін қызмет тер		Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Қазақстан халқына Жолдауындағы төртінші басымдық аясында жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, олардың материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейіне және білім беру бағдарламаларына қойылатын талаптарды күшейту міндеті қойылды.	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	ҚР "Атамекен" ҰҚП	204 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар мен қамтамасыз ету" 103 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы әдіснамалық қамтамасыз ету"	185 491
27-4	Мемлекеттік білім беру және студенттік кредиттерді қайтару және жас мамандар мен философия докторларының (PhD) жұмысқа орналасуын мониторингтеу бойынша көрсетілетін қызмет тер		Мемлекеттік білім беру және мемлекеттік студенттік кредиттерді қайтару және оларға қызмет көрсету, ауылдық квота шегінде білім беру гранты бойынша, философия докторы (Phd) бағдарламасы бойынша білім алған Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары түлектерінің ауылдық елді мекендерде орналасқан білім беру ұйымдарына және денсаулық сақтау ұйымдарына жұмысқа орналасуының мониторингін қамтамасыз ету және жас	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	"Қаржы орталығы" АҚ	204 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар мен қамтамасыз ету" 104 "Сенім білдірілген агенттердің білім беру кредиттерін	

		мамандардың ауылдық елді мекендерде жұмыспен өтеу міндетін орындау бойынша қызмет көрсету.			қайтару жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу"	207 367
35 -1	Ғылыми-танымдық, кітапхана-ақпараттық қамтамасыз ету, қазақстандық ғылымды кеңінен таныту, ғылыми-зерттеу институттарының және мекемелердің, музейлермен кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтер	Ғылым мен білім беру саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру. Ғылыми-оқыту және мәдени-ағартушылық жұмысты ұйымдастыру және өткізу арқылы қазақтандық ғылымды кеңінен таныту. Музейлердегі ғылыми-қорландыру жұмыстары. Музей қорларын ғылыми өңдеуді жүзеге асыру, оны анықтамалық-іздеу аппаратының көмегі арқылы дәстүрлі және электрондық түрлерін ашу және оларға қолжетімділікті ұйымдастыру. Пайдаланушыларға кітапханалық, анықтамалық-библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсету, ғалымдарға, ғылыми-зерттеу мекемелеріне ақпараттық және әдістемелік қызметтер көрсету. Пайдаланушыларға кітапханалық, анықтамалық-библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсету, филиалдардың жұмысын жетілдіру, тарихи маңызы бар және архивтер мен сирек кездесетін кітапхана материалдарына көпшілік оқырман мен зерттеушілердің қолжетімділігі үшін алаңдар қалыптастыру.	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің "Ғылым ордасы" ШЖҚ РМК	219 " Ғылыми-тарихи құндылықтарға, ғылыми-техникалық және ғылыми-педагогикалық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету" 101 " Ғылыми, ғылыми-техникалық және ғылыми-педагогикалық ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету"	291 576
35 -2	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтер	Қазақстан Республикасының білім беру қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігі деңгейіне қойылатын заманауи талаптарға сәйкес біліктілігін үздіксіз арттырудың тиімді үлгісін құру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ	221 "Мектепке дейінгі мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау"	328 551
		Жаратылыстану-математика бағыты бойынша мектептердегі			222 "Орта білім беру мемлекеттік	

35-3	Мектеп дерінің гін арттыру тарын ұйымдастыру	мұғалім біліктілігі курсы	информатика, биология, химия, және физика пәндерінің мұғалімдеріне тілдік курстар ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	"Назарбаев Университеті" ДБҰ	ұйымдар кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау"	1 424 048
35-4	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтер		Қазақстан Республикасының білім беру қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігі деңгейіне қойылатын заманауи талаптарға сәйкес біліктілігін үздіксіз арттырудың тиімді үлгісін құру арқылы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру жүйелерінің педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну.	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ	222 "Орта білім беру мемлекеттік ұйымдар кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау"	3 805 904
35-5	Халықаралық талаптарға сәйкесті техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшылары мен инженерлік - педагогикалық жұмыскерлердің біліктілігін арттыру курсының өткізу және ұйымдастыру		Жаңа формациядағы педагогтік қалыптастырудың инновациялық тәсілдері негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының инженер-педагог қызметкерлері мен басшыларының біліктілігін арттыру.	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	"Кәсіпқор Холдингі" КЕАҚ	223 "Техникалық және кәсіптік білім беру мемлекеттік ұйымдарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау"	226 600
35-6	Жоғары оқу орындары жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтер		Қазақстан Республикасының білім беру қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігі деңгейіне қойылатын заманауи талаптарға сәйкес біліктілігін үздіксіз арттырудың тиімді үлгісін құру арқылы жоғары білім беру жүйелерінің педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну.	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ	224 "Мемлекеттік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау"	124 954

."

2. Осы қаулы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев